

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптарды, оларды психологиялық даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібін және осындай даярлықтан өткені туралы сертификаттың нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 165 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 20507 болып тіркелді.

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 91-бабының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мына:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібі қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының психологиялық даярлықтан өткені туралы сертификаттың нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында

көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

А. Аймағамбетов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 27 сәуірдегі
№ 165 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау бағдарламасы мынадай бөлімдерді қамтиды:

1) асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарды даярлау курсына кіріспе;

2) асырап алынушы баланы дамытудың қажеттілігі және асырап алушы ата-аналардың құзыреттілік тәсілі туралы түсінік. Асырап алушы ата-ана болуға үміткерлердің тәрбиелік құзыреттілігін жетілдіру уәждемесі;

3) әртүрлі жас кезеңіндегі балалардың даму ерекшеліктері. Балалардың жас дағдарысы және баланың дамуындағы артта қалуының себептері мен көріністерін түсіну;

4) зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған балалардың даму және мінез-құлқының ерекшеліктері. Баланың дамуының сәйкессіздігі. Сексуалды мінез-құлық;

5) баланың өміріндегі қайғы-қасірет пен жоғалту кезеңі және олардың ерекшеліктері. Биологиялық отбасынан ажырау, қол үзу кезеңінде баланың мінез-құлқын түсіну. Депривация;

6) асырап алынған бала мен отбасының бейімделу кезеңдері. Жанжалдарды шешу жолдары туралы түсінік және тәрбиеші ретінде әлсіз және күшті жақтарды сезіну;

7) асырап алынған баланың "қиын" мінез-құлқы. "Қиын" мінез-құлыққа ден қою тәсілдері және баланың мінез-құлқын басқару дағдылары;

8) қауіпсіз тәрбиеге қойылатын негізгі талаптар және балалардың жыныстық-рөлдік сәйкестігін қалыптастыру тәсілдері туралы түсінік. Бала үшін қауіпсіз орта құру;

9) отбасын жүйе және оның құрамдас элементтері ретінде сезіну. Асырап алынушы баланың қажеттіліктерін және асырап алушы отбасының мүмкіндіктерін түсіну. Биологиялық отбасымен ықтимал өзара қарым-қатынасқа дайындық;

10) азаматтардың отбасына ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеуге орналастыру туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздері. Қамқоршылық органдарымен өзара іс-қимыл;

11) ер жеткен баланы еркіне жіберуге немесе биологиялық отбасымен қауышқан жағдайда баладан ажырасуға дайын болу. Кәсіби сүйемелдеу - баланы бейімдеу кезеңінде отбасына қолдау көрсету факторы ретінде.

Бағдарламаның жалпы ұзақтығы кемінде 42 академиялық сағатты құрауы және 60 академиялық сағаттан аспауы және тренинг түрінде өткізілуі тиіс. Оқу ұзақтығы күніне кемінде 3 академиялық сағат. Бір академиялық сағат - 60 минут.

2. "Асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарды даярлау курсына кіріспе" бөлімі мынадай тақырыптарды зерделеуді қамтиды:

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарды психологиялық даярлау бағдарламасының мазмұны, мақсаттары мен міндеттері;

баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдауға байланысты отбасының уәждерін, үміттерін және ресурстарын түсінуін анықтау;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың өздерінің әлсіз және күшті жақтарын, асырап алынушы баланы тәрбиелеудегі ресурстар мен шектеулерді анықтауы;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарды балалар психологиясының ерекшеліктерімен таныстыру, баланың өткен тәжірибесінің (депривация, қатыгез қарым-қатынас, баланың мұқтаждықтарын елемей, биологиялық отбасынан ажырау) оның психофизикалық дамуы мен мінез-құлқына әсері;

асырап алушы ата-ана болуға үміткерлердің баланың отбасына көшкеннен кейінгі алдағы өзгерістерді, баланың отбасына бейімделу кезеңінің өту ерекшеліктерін ұғынуы және түсінуі;

"тренинг" ұғымымен, оның мазмұны мен өткізу тәртібімен танысу.

Осы бөлімді оқуға кемінде үш академиялық сағат бөлінеді.

3. "Асырап алынушы баланы дамытудың қажеттілігі және асырап алушы ата-аналардың құзыреттілік тәсілі туралы түсінік. Асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың тәрбиелік құзыреттілігін жетілдіру уәждемесі" бөлімі мынадай тақырыптарды зерделеуді қамтиды:

баланың әрбір жас кезеңінде оның қауіпсіздігін, денсаулығын қорғауды, білім беруді, зияткерлік және эмоциялық дамуын, сәйкестілікті сақтауды, асырап алушы отбасында және т.б. тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыруды ескере отырып, оның даму қажеттілігін зерттеу;

баланың әлеуметтік бейімделуі - әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық ережелерін, әлеуметтік рөлдерді меңгеру, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, санитариялық-гигиеналық және тұрмыстық дағдылар) және асырап алушы ата-ана болуға үміткерлердің оларды қамтамасыз ету қажеттілігін түсінуі;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың отбасының өмір сүру жағдайларын ескере отырып, баланың даму қажеттілігін қамтамасыз ету қабілетіне (халыққа қызмет көрсету инфрақұрылымынан алыстығы, материалдық-тұрмыстық жағдай, жұмыспен қамту, табыс) және отбасы жүйесінің ерекшеліктеріне бағалау жүргізуі;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың баланы тәрбиелеу бойынша өзінде бар құзыреттерді бағалауы, жетіспейтін құзыреттерді қалыптастыру жолдарын және өтеу мүмкіндігін іздеуі.

Осы бөлімді оқуға кемінде алты академиялық сағат бөлінеді.

4. "Әртүрлі жас кезеңдеріндегі балалардың даму ерекшеліктері" бөлімі мынадай тақырыптарды зерделеуді қамтиды:

бала дамуының негізгі жас кезеңдерін қарастыру (сәби, ерте жас, мектепке дейінгі жас, кіші мектеп жасы, жеткіншек жас, жасөспірім шақ);

әртүрлі жас кезеңдерінде баланың психологиялық қажеттіліктерін, сондай-ақ осы ұғымдармен байланысты "бауырмалдық" және "қауіпсіздік" ұғымдарын зерделеу;

бала өміріндегі биологиялық ата-аналары мен қандас туыстарының рөлі және олардың бала өміріндегі орнын қабылдаумен байланысты ойлаудың стереотиптерін жеңу;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балада эмоционалдық депривацияның пайда болу себептері, туындауы және салдары;

түрлері "бұзылған үйір" ("ұғымдарын жағымсыз (невротической) үйір", "амбивалентной үйір", "избегающей үйір", "дезорганизованной үйір");

жас дағдарысы туралы түсінік, баланың өсу шамасына қарай оны өзгерту тәсілдерін дамыту, өзінің әлсіз және күшті жақтарын түрлі жастағы балалардың тәрбиешісі ретінде сезіну;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымда тұрған баланың жас ерекшеліктерінен дамуында артта қалу себептері мен көріністерін түсіну.

Осы бөлімді оқуға кемінде алты академиялық сағат бөлінеді.

Ескерту. 4-бөлімде орыс тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізіледі, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2022 № 374 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған балалардың даму және мінез-құлқының ерекшеліктері. Баланың дамуының сәйкессіздігі. Сексуалды мінез-құлық" бөлімі келесі тақырыптарды зерделеуді қамтиды:

асырап алушы ата-аналарға кандидаттарды қатыгез қарым-қатынас түрлері (баланың мұқтаждықтарын елемей, дене бітімі, психологиялық және сексуалдық зорлық-зомбылық) және олардың баланың дене бітімі, эмоциялық, зияткерлік, Әлеуметтік және сексуалдық дамуы үшін салдары туралы хабардар ету;

түсіну кандидаттар қабылдау ата-аналар болған балалардың сәйкессіздік, сондай-ақ қалыптастыру, кандидаттарды қабылдау ата-аналар іскерліктер байқауға бұзылған баланың дамуы;

отбасы қатыгез қарым-қатынасты бастан кешкен бала үшін ақтайтын фактор ретінде;

бағалау кандидат қабылдау ата-аналар өз мүмкіндіктерінің баланы тәрбиелеуге, пережившего қатыгездік;

кандидаттарда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен оның қажеттіліктері туралы шынайы түсінік қалыптастыру.

Осы бөлімді оқуға кемінде үш академиялық сағат бөлінеді.

6. "Бала өміріндегі қайғы мен жоғалтудың кезеңдері және олардың ерекшеліктері. Биологиялық отбасымен ажырасу, жоғалу кезеңінде баланың мінез-құлқын түсіну. Депривация" бөлімі келесі тақырыптарды зерделеуді қамтиды:

бала өміріндегі биологиялық ата-аналар мен қан туыстарының рөлі және олардың бала өміріндегі орнын қабылдаумен байланысты ойлау стереотиптерін жеңу;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балада эмоционалдық депривацияның пайда болу себептері, пайда болу және салдары;

"жақын тарту сезімінің бұзылуы" түрлері ("негативті (невротикалық) үйірлік", "амбивалентті үйірлік", "жақын болудан тартыншақтану", "селсоқтық" ұғымдары);

сәйкестік ұғымымен, сондай-ақ ұқсастықты жоғалту салдарымен танысу;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың өміріндегі "қайғы және жоғалту" ұғымы; баланың отбасын жоғалтумен байланысты қайғыны бастан кешіруі процесінің психологиялық ерекшеліктері мен кезеңдері (шок, күйзеліс және сенімсіздік, теріске шығару, ашу-ыза сатысы және сезімдердің арпалысы, депрессия, қабылдау); асырап алушы ата-аналардың баладан екінші рет бас тартуының салдары;

қайғыға душар болған балаға қолдау көрсету, баланың қайғысына ортақтасуға дайындығын бағалау білігін қалыптастыру.

Осы бөлімді оқуға кемінде алты академиялық сағат бөлінеді.

7. "Асырап алынған бала мен асырап алушы отбасының бейімделу кезеңдері. Жанжалдарды шешу жолдары туралы түсінік және тәрбиеші ретіндегі әлсіз және күшті жақтарды ұғыну" келесі тақырыптарды зерделеуді қамтиды:

асырап алушы отбасылардың үміттерінің ерекшеліктері; бейімделудің әртүрлі кезеңіндегі ересектердің қорқынышы, үрейленуі және көңілі қалуы; асырап алынушы баланың пайда болуына туыстарын дайындау;

бейімделу кезеңінің сатылары; отбасына келетін баланың сезімдері мен уайымдары; бейімделу қиындықтарын жеңу тәсілдері;

бала асырап алудың құпиясы; оның нақты және жалған артықшылықтары мен қиындықтары; балаға оның асырап алынғанын жеткізу тәсілдері;

баланың асырап алушы отбасында бейімделу кезеңінде мамандардың асырап алушы ата-аналарға көмек көрсетудегі рөлі.

Осы бөлімді оқуға кемінде үш академиялық сағат бөлінеді.

8. "Асырап алынушы баланың "қиын" тәртібі. "Қиын" мінез-құлыққа және баланың мінез-құлқын басқару дағдыларына ден қою тәсілдері" бөлімі мынадай тақырыптарды зерделеуді қамтиды:

асырап алынушы баланың "қиын" мінез-құлқының түрлері: ұрлық, өтірік, агрессия, қайыршылық, қаңғыбастық, жақын қарым-қатынастардан аулақ болу, амбивалентті мінез-құлық, аддиктивтік мінез-құлық (алкогольді, есірткіні, күшті әсер ететін заттарды қабылдау); олардың себептері және олармен жұмыс істеу тәсілдері;

баланы жазалау мен көтермелеудің тиімділігі мен қолайлылығы;

баланың этикалық құндылықтар мен қоғамдық нормаларды меңгеруіндегі кідірістердің себептері;

асырап алушы ата-аналардың өз тәжірибесі "қиын" мінез-құлықты балаларға қалай әсер ететінін түсінуі, өздерінің әлсіз және күшті жақтарын сезінуі, "қиын" мінез-құлық проблемаларын шешуде мамандардың қалай көмек көрсете алатынын түсінуі.

Осы бөлімді оқуға кемінде үш академиялық сағат бөлінеді.

9. "Қауіпсіз тәрбиеге қойылатын негізгі талаптар және балалардың жыныстық-рөлдік сәйкестігін қалыптастыру тәсілдері туралы түсінік. Бала үшін қауіпсіз ортаны құру" бөлімі мынадай тақырыптарды зерделеуді қамтиды:

баланың жас ерекшелігіне және өмір тәжірибесіне қарай үйде және қоғамда баланы тәрбиелеу үшін қауіпсіз жағдайлар жасау (оның ішінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымда тәрбиелеуге, ата-анасының отбасындағы қадағалаусыздыққа, қаңғыбастыққа байланысты);

катігездікпен қарау қаупі бар жағдайларда баланың қауіпсіз жүріс-тұрыс тәсілдері;

асырап алушы отбасында, көшеде және қоғамдық орындарда балаға қатыгез қарау қаупін болдырмау;

баланың жасына, денсаулық жағдайына және дамуына байланысты баланы күтудің медициналық аспектілері.

Осы бөлімді оқуға кемінде үш академиялық сағат бөлінеді.

10. "Отбасын жүйе және оның құрамдас элементтері ретінде ұғыну. Асырап алынушы баланың қажеттіліктерін және асырап алушы отбасының мүмкіндіктерін

түсіну. Биологиялық отбасымен ықтимал өзара қарым-қатынасқа дайындық" тақырыбы мынадай тақырыптарды зерделеуді қамтиды:

баланы дамыту мен оңалту қажеттілігін қамтамасыз етудегі отбасының рөлі;

балаға ата-аналық қарым-қатынас және оның жеке тұлғаның қалыптасуы мен баланың мінез-құлқына әсері;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың отбасылық қарым-қатынастарының тұрақтылығы;

отбасының стресстік жағдайларға ден қою тәсілдері;

асырап алушы ата-ана болуға кандидат отбасының әлеуметтік байланыстары; сыртқы қолдау жүйесі және отбасының жеке ресурстары;

отбасы оңалтушы орта ретінде: отбасының өмір салты, отбасылық әдет-ғұрып, салт-дәстүр;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың барлық отбасы мүшелерінің өз отбасының проблемаларын, мүмкіндіктері мен ресурстарын, күшті және әлсіз жақтарын түсінуі;

қандас отбасымен ықтимал өзара қарым-қатынас жасауға дайындығын қалыптастыру.

Осы бөлімді оқуға кемінде үш академиялық сағат бөлінеді.

11. "Азаматтардың отбасына ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеуге орналастыру туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздері" бөлімі мынадай тақырыптарды зерделеуді қамтиды:

Қазақстан Республикасында асырап алу, қорғаншылық (қамқоршылық), патронат, қабылдаушы отбасы, отбасы үлгісіндегі балалар үйі сияқты жетім балалар мен ана-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру нысандарын, сондай-ақ отбасылық орналастыру нысандары арасындағы айырмашылықтарды қарау;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен қойылатын талаптар; азаматтың асырап алушы, қамқоршы (қорғаншы), патронат тәрбиеші немесе асырап алушы ата-ана болу мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы қорытынды алу үшін асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың құжаттарды ұсыну тәртібі;

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарға бару қағидалары, мұндай ұйым әкімшілігінің міндеттері; балаға тәуелсіз медициналық тексеру жүргізу мүмкіндігі;

соттың бала асырап алу туралы шешім қабылдау тәртібі; сотқа арыз дайындау және беру тәртібі; бала асырап алу құпиясының құқықтық аспектілері; баланың тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жерін өзгерту мүмкіндігі мен салдары;

қорғаншылық және қамқоршылық органының және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымның орналастыру нысанына

байланысты асырап алушы отбасына берілетін балаға дайындалатын құжаттар тізбесіне сәйкес отбасына тәрбиелеуге берілетін баланың құжаттарын ресімдеу тәртібі;

баланы отбасына тәрбиелеуге беру туралы шешім күшіне енгеннен кейін бала асырап алушының, қорғаншының (қамқоршының), патронат тәрбиешінің, асырап алушы ата-ананың балаға арналған құжаттарды ресімдеу (қайта ресімдеу) тәртібі;

Қазақстан Республикасы субъектісінің заңнамасында белгіленген асырап алушы отбасылар мен оларда тәрбиеленетін балаларды әлеуметтік қолдау шаралары; отбасылық орналастыру нысанына байланысты отбасына тәрбиелеуге берілген баланы күтіп-бағу үшін жүзеге асырылатын төлемдер;

баланың жеке мүлдіктік емес және мүлдіктік құқықтарын қорғау;

қорғаншылық және қамқоршылық органдарының асырап алушы отбасында баланың өмір сүру және тәрбиелену жағдайларына бақылау жасау тәртібі; қорғаншылардың (қамқоршылардың), патронат тәрбиешілердің, асырап алушы ата-аналардың кәмелетке толмаған қамқорлыққа алынушының мүлкін сақтау, пайдалану және осындай мүлдікті басқару туралы жыл сайынғы есепті ұсыну тәртібі;

асырап алудың, қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеудің, патронаттық тәрбиелеуге, асырап алушы отбасына немесе отбасы үлгісіндегі балалар үйіне берудің құқықтық салдарлары - асырап алушылардың, қорғаншылардың (қамқоршылардың), патронаттық тәрбиешілердің, асырап алушы ата-аналардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің жеке мүлдіктік емес және мүлдіктік құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

баланың - асырап алушы отбасына, асырап алушы отбасының - балаға, үшінші тұлғалардың асырап алушы отбасы мен балаға келтірген залалын өтеу тәртібі;

бала асырап алуды, қорғаншылықты және қамқоршылықты, патронатты, асырап алушы отбасын жоюдың салдары;

қорғаншылық және қамқоршылық органдарының шешімдеріне шағымдану тәртібі.

Осы бөлімді оқуға кемінде үш академиялық сағат бөлінеді.

12. "Ер жеткен баланы еркіне жіберуге немесе биологиялық отбасымен қауышқан жағдайда баладан ажырасуға дайын болу. Кәсіби сүйемелдеу - баланы бейімдеу кезеңінде отбасына қолдау көрсету факторы ретінде" бөлімі мынадай тақырыптарды зерделеуді қамтиды:

асырап алушы отбасының ата-аналық және кәсіби функциялары;

ер жеткен баланы еркіне жіберуге немесе биологиялық отбасымен қауышқан жағдайда баладан ажырасуға дайын болудың маңыздылығын ұғыну;

асырап алушы отбасының қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен, осындай отбасыларға медициналық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмек көрсететін ұйымдармен, баланың биологиялық отбасымен өзара іс-қимылы, сондай-ақ осындай өзара іс-қимылдың маңыздылығы;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарды отбасы тұратын жерде асырап алушы отбасылар үшін әлеуметтік қызметтердің қолжетімді инфрақұрылымы туралы хабардар ету;

асырап алушы отбасылардың әлеуметтік ортамен және ата-аналар қоғамдастығымен өзара іс-қимылы;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарды даярлау курсы менгеру, үй тапсырмаларын орындау нәтижелерін талқылау;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарды даярлау курсы менгеру деңгейін талқылау;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың өзін-өзі бағалауын жүргізу және асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың баланы тәрбиелеуге қабылдауға дайындығын анықтау;

асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауға дайындығы мен қабілеті туралы қорытынды жасау (асырап алушы ата-ана болуға кандидаттармен бірге олардың қалауы бойынша жасалады).

Осы бөлімді оқуға кемінде үш академиялық сағат бөлінеді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 27 сәуірдегі
№ 165 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібі қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 91-бабының 9-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау (бұдан әрі - психологиялық даярлық) жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында

тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлауға құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.08.2025 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйым - Кодексте белгіленген құзыретіне сәйкес жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, балаларды тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген және қабылдаған Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына тәрбиелеуге орналастыруға жәрдемдесуді өтеусіз негізде Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын және осы Кодексте белгіленген тәртіппен осындай қызметті жүзеге асыру үшін аккредиттелген коммерциялық емес ұйым.

2-тарау. Психологиялық даярлық жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібі

3. Психологиялық даярлықты жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдар, сондай-ақ жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары аталған ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын (бұдан әрі - асырап алушы ата-ана болуға кандидаттар) психологиялық даярлау өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

5. Асырап алушы ата-ана болуға кандидаттар психологиялық даярлықтан өту үшін осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ұйымдардың біріне еркін нысанда психологиялық даярлықтан өту туралы жазбаша өтінішпен жүгінеді.

6. Асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарды психологиялық даярлауды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау бағдарламасына (бұдан әрі - бағдарлама) сәйкес ұйымдар жүзеге асырады.

7. Асырап алушы ата-ана болуға кандидаттар жүгінген кезде ұйымдар:

1) асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарға психологиялық даярлықтан өту үшін даярлық процесінің ұйымдастырылуы, топтардың жасақталуы, даярлықтың басталу және аяқталу күні туралы хабарлайды;

2) ұйым әзірлеген және бекіткен, дербес деректерді өңдеуге келісімін қамтитын, асырап алушы ата-ана болуға кандидатқа сауалнама толтырады;

3) асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың педагог-психологпен құрылымдық сұхбат түрінде әңгімелесуін жүргізеді;

4) асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың психологиялық даярлаудан өту күні мен уақытын айқындайды;

5) бағдарламаға сәйкес асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарды психологиялық даярлауды ұйымдастырады;

6) асырап алушы ата-ана болуға кандидаттардың жазбаша келісімімен баланы отбасына қабылдауға психологиялық дайындығын бағалау үшін асырап алушы ата-ана болуға кандидаттар мен олардың отбасыларын диагностикалауды және психологиялық тексеруді жүргізеді;

7) әрбір асырап алушы ата-ана болуға кандидатқа олардың даярлықтан өткені туралы куәландыратын құжаттар мен материалдар, психологиялық тексеру мен диагностиканың нәтижелері бар жеке істі қалыптастырады;

8) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының психологиялық даярлықтан өткені туралы сертификат (бұдан әрі – сертификат) психологиялық даярлық бағдарламасынан толық көлемде өткеннен кейін 7 жұмыс күні ішінде береді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2022 № 374 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Асырап алушы ата-ана болуға кандидаттарды психологиялық даярлау саны кемінде 6 және 22 адамнан аспайтын топтарда жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2022 № 374 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Сертификат беруді есепке алуды ұйымдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттар беруді есепке алу журналына тіркеу арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.08.2025 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Сертификатты беруді есепке алу журналы ұйымда кемінде 15 жыл сақталады.

11. Сертификат жоғалған не тозу немесе зақымдану салдарынан одан әрі пайдалану үшін жарамсыз болған жағдайда, асырап алушы ата-ана болуға кандидат сертификат берген ұйымға оның телнұсқасын алу үшін өтініш береді.

12. Сертификатың телнұсқасы асырап алушы ата-ана болуға кандидатқа жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде оның жазбаша өтініші негізінде сертификаттың телнұсқасын беру туралы өтініш берілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде беріледі.

13. Телнұсқа беру туралы мәліметтер сертификаттарды беруді есепке алу журналына "Ескерту" бағанында тиісті белгімен енгізіледі.

14. Телнұсқаны беру кезінде сертификаттың нөмірі өзгермейді, бірақ бланкіде оң жақ бұрышына "телнұсқа" деген жазу қосылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. Қағидалар 3-тараумен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.08.2025 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлаудан өткізу үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес, "Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген азаматтарды психологиялық даярлауға құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Асырап алушы ата-ана болуға кандидаттар (бұдан әрі-қызметті алушы) психологиялық даярлықтан өту үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

16. "Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген азаматтарды психологиялық даярлауға құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі ұйымдар, сондай-ақ жетім балалар мен ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

17. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға көрсетілген қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті беруші цифрлық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

18. Құжаттарды тексеру нәтижесі бойынша көрсетілетін қызметті беруші 4 (төрт) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға психологиялық даярлау процесін ұйымдастыру туралы дайындықтың басталу және аяқталу күнін көрсете отырып, хабарлама жібереді.

Психологиялық дайындық процесін ұйымдастыру туралы хабарлама қызмет берушінің кеңсесі (канцеляриясы) арқылы қолма қол беріледі.

Осы Қағидалардың Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз анықталған кезде, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымның білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жолдайды.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша қызмет беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде қызмет алушыға мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешімді не дәлелді бас тартуды жібереді.

19. Құжаттарды қарау және психологиялық дайындық процесін ұйымдастыру туралы хабарламаны алу бойынша жалпы мерзім 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

20. Қызмет беруші мемлекеттік қызмет көрсетудің сатысы туралы мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі міндетін атқарушысының 2013

жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) сәйкес енгізуді қамтамасыз етеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. Қағидалар 4-тараумен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.08.2025 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шағымның қаралуын жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушыдан көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағым Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті алушыдан шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағым тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жүгінуге жол беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге шағымдану нәтижелері бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

аумағында тұрақты тұратын,
жетім балаларды, ата-аналарының
қамқорлығынсыз
қалған балаларды өз отбасына
тәрбиелеуге қабылдауға тілек
білдірген Қазақстан
Республикасының азаматтарын
психологиялық даярлау
бағдарламасының мазмұнына
қойылатын талаптарды, оларды
психологиялық даярлау
жөніндегі қызметті
ұйымдастыру тәртібі
қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. Қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.08.2025 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ п/п	Асырап алушы ата-ана болуға кандида ттың (ттың бұдан әрі - кандида т) Т.А.Ә ., туған күні	Кандида ттың тұрғылы қты жері	Даярлық тан өту туралы өтініш беру күні	Даярлық тың басталу күні	Даярлық тың аяқталу күні	Тіркеу нөмірі	Сертифи кат беру күні	Бланкіні ң сериясы м е н нөмірі	Кандида ттың қолы, сертифи катты алған күні	Ескертп е
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Қазақстан Республикасының
аумағында тұрақты тұратын,
жетім балаларды, ата-аналарының
қамқорлығынсыз
қалған балаларды өз отбасына
тәрбиелеуге қабылдауға тілек
білдірген Қазақстан
Республикасының азаматтарын
психологиялық даярлау
бағдарламасының мазмұнына
қойылатын талаптарды, оларды
психологиялық даярлау
жөніндегі қызметті
ұйымдастыру тәртібі
қағидаларына
2-қосымша

"Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлауға

құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. Қағидалар 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.08.2025 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі ұйымдар, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары,
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	5 (бес) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Қағаз жүзінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Психологиялық даярлаудың үш айлық бағдарламасы аяқталғаннан кейін оның аумағында тұрақты тұратын және отбасына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдағысы келетін Қазақстан Республикасының азаматтарына 7 жұмыс күні ішінде психологиялық даярлықтан өткені туралы сертификат (бұдан әрі – сертификат) не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.
6	Көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және оны алу тәсілдері	тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі аралықтағы

		түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде: 1) өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады: 1414, 8 800 080 7777.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптарды, оларды психологиялық даярлау

жөніндегі қызметті
ұйымдастыру тәртібі
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

басшысына (органның атауы)

(өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (ол болған
жағдайда) жеке сәйкестендіру
нөмірі, мекенжайы және
телефоны)

Өтініш

Ескерту. Қағидалар 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.08.2025 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мені, _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған жылы)

асырап алушы болуға үміткерлерге арналған психологиялық дайындығынан өтуге жазуды сұраймын.

Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 8-бабына сәйкес "Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлауға құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметін алу үшін менің жеке қажетті деректерімді жинауға және өңдеуге келісімімді беремін.

" ____ " _____ 20__ жыл

тұлғаның қолы

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 27 сәуірдегі
№ 165 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының психологиялық даярлықтан өткені туралы
СЕРТИФИКАТ

№ _____

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2022 № 374 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы "___" _____ қаласы (ауылы)

Осы сертификат Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген _____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

20__ жылғы "___" _____ мен 20__ жылғы "___" _____ аралығында

(ұйымның толық атауы)

Қазақстан Республикасының азаматтарына арналған психологиялық даярлықтан өткені үшін
берілді.

Ұйым басшысы _____
(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

М.О. _____
нөмірі